

**Ақкөл ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 23 қаңтардағы № А-1/50 "Ақкөл ауданындағы халықтың нысаналы топтарға жататын адамдардың қосымша тізбесін белгілеу туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Ақмола облысы Ақкөл ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 26 қыркүйектегі № А-9/405 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 29 қазанда № 3862 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Ақкөл ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 23 қаңтардағы № А-1/19 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Ақкөл ауданы әкімдігінің 23.01.2014 № А-1/19 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

**Р Қ А О е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабына, «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 21-бабына сәйкес, қолданыстағы заңнамаға сәйкестендіру мақсатында, Ақкөл ауданы әкімдігі

**Қ А У Л Ы**

**Е Т Е Д І :**

1. Ақкөл ауданы әкімдігінің «Ақкөл ауданындағы халықтың нысаналы топтарға жататын адамдардың қосымша тізбесін белгілеу туралы» 2013 жылғы 23 қаңтардағы № А-1/50 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3652 болып тіркелген, 2013 жылғы 1 наурызда «Ақкөл өмірі» және «Знамя Родины КЗ» аудандық газеттерінде жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

кіріспе бөлімі жаңа редакцияда баяндалсын:

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабына, «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 5-бабының 2-тармағына, 7-бабының 2)-тармақшасына сәйкес, Ақкөл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:»**

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімі орынбасарының міндетін атқарушы **Н.Т.Әбдірахмановқа** жүктелсін.

3. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Ақкөл ауданы әкімі*

*Т.Едігенов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК